«8D02304 - Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мұхаметқали Аида Аяпбергенқызының «Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интертекст функциялары» тақырыбындағы диссертация жұмысына

ЖАЗБАША ПІКІР

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интертекст функциялары» тақырыбында жазылған диссертация Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес:
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	1) «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2003 жылғы 16 сәуір). 2) Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу тақырыбы өзекті әрі ғылымға **елеулі үлес қосады**. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі қазақ әдебиетіндегі философиялық прозаның интермәтіндік табиғатын зерделеу қажеттілігімен айқындалады. Қазіргі әдебиеттануда интермәтін көркем мәтіннің көпқабатты құрылымын, авторлық дүниетанымын және астарлы мағыналарын ашудың маңызды тәсілі ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда, Бақытжан Момышұлы шығармаларындағы фольклорлық, мифологиялық, діни және әлемдік философиялық мәтіндердің өзара сабақтастығын зерттеу жазушының көркемдік әлемі мен философиялық концепциясын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл зерттеу қазақ әдебиетіндегі философиялық прозаның поэтикалық ерекшеліктерін айқындап, интермәтін теориясының ұлттық әдебиеттанудағы қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың ғылыми жазылу деңгейі **жоғары** талаптарға толық сәйкес келеді. Ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми мақалалары мен диссертациялық еңбегіне жүргізілген талдау оның академиялық жазу мәдениетін жетік меңгергенін, өзіндік ғылыми ұстанымы мен зерттеу стилінің қалыптасқанын көрсетеді. Сонымен қатар, дереккөздерге жасалған жүйелі және мазмұнды сілтемелер автордың зерттеу жұмысын дербес орындағанын, қарастырылған ғылыми мәселелерді терең игергенін айғақтайды. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны ғылыми зерттеуге қойылатын талаптарға сай жүйеленген. Зерттеу бөлімдері өзара логикалық сабақтастықта беріліп, жұмыстың тұтастығы мен ғылыми дәйектілігін қамтамасыз етеді. Осыған орай, диссертациялық еңбек автордың мақсатты ғылыми ізденісінің нәтижесі ретінде қалыптасқан, теориялық және практикалық тұрғыдан құнды, жүйелі орындалған зерттеу жұмысы деп бағалауға болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;**	Диссертация тақырыбының өзектілігі жұмыста жан-жақты әрі ғылыми тұрғыдан дәйекті негізделген. Қазіргі әдебиеттануда көркем мәтіннің көпқабатты құрылымын, авторлық дүниетанымын

		2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	және астарлы мағыналарын ашуда интермәтіндік талдау маңызды ғылыми әдістердің бірі болып табылады. Әсіресе тәуелсіздік кезеңі прозасында тарихи жадыны жаңғырту, ұлттық бірегейлік мәселелері мен адам болмысының экзистенциалдық қырларын көркем пайымдау үрдісінің күшеюі жаңа зерттеу бағыттарының қалыптасуына негіз болды. Сонымен қатар қазақ әдебиеттануында интермәтін теориясы негізінен жекелеген шығармалар аясында қарастырылып келсе, философиялық прозадағы интермәтіннің концептуалдық және көркемдік қызметі әлі де толық зерттеле қойған жоқ. Осыған байланысты интермәтінді тек мәтінаралық байланыс ретінде емес, авторлық дүниетанымды қалыптастыратын маңызды көркемдік механизм ретінде зерделеудің ғылыми қажеттілігі айқын байқалады. Ұлттық әдебиеттегі мифологиялық, діни және философиялық мәтіндердің өзара ықпалдасуын интермәтіндік тұрғыдан талдау да қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда, Бақытжан Момышұлы шығармаларындағы фольклорлық, мифологиялық, діни және әлемдік философиялық мәтіндердің сабақтастығын интермәтіндік аспектіде зерттеу жазушының көркемдік әлемі мен философиялық концепциясын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл зерттеу қазақ әдебиетіндегі философиялық прозаның поэтикалық ерекшеліктерін айқындап, интермәтін теориясының ұлттық әдебиеттанудағы қолданылу аясын кеңейтуге елеулі үлес қосады. Осыған орай, диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы жоғары, қазіргі әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелерді қамтитын тың зерттеу ретінде бағалауға толық негіз бар.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын **айқындайды.** Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Жұмыста Бақытжан Момышұлы шығармаларының ұлттық руханият пен әлемдік философиялық ой сабақтастығын танытатын көркемдік ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан жан-жақты талданған. Қаламгер туындыларындағы адам болмысы, ар-ождан мен парыз мәселелері, тарихи жад, діни-мәдени дискурстар және интермәтіндік байланыстар нақты мысалдар негізінде сараланған.

			Диссертацияның бөлімдері мен тараулары өзара логикалық сабақтастықта құрылып, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Бұл жұмыстың құрылымдық тұтастығы мен ғылыми жүйелілігін қамтамасыз еткен.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыста зерттеу жұмысының мақсатына Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интермәтіндік байланыстар жүйесін кешенді талдау арқылы интермәтіннің семантика тудырушы, концептуалдық, көркемдік-эстетикалық және аксиологиялық қызметін айқындау, сондай-ақ оның ұлттық мәдени жады мен философиялық ойлау жүйесін қалыптастырудағы рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеу деп көрсеткен. Осы мақсатқа орай төмендегідей бес зерттеу жұмысының міндеттерін ұсынады: - Философиялық проза ұғымының әдеби-теориялық негіздерін саралап, оның қазақ әдебиетіндегі қалыптасу және даму дәстүрін айқындау; интермәтінділік категориясының шетелдік және отандық әдебиеттанудағы теориялық негіздерін жүйелеп, зерттеудің әдіснамалық бағыттарын нақтылау; - Бақытжан Момышұлы прозасының жанрлық-стильдік табиғатын айқындап, авторлық поэтиканың интермәтіндік стратегиялармен байланысын көрсету; шығармалардағы мифологиялық архетиптер мен фольклорлық мотивтердің мәтін ішіндегі қызметін талдап, олардың ұлттық мәдени код пен тарихи жадты жаңғыртудағы рөлін негіздеу; - Діни дискурс және сакралды мәтіндер элементтерінің көркем мәтіндегі семантикалық және аксиологиялық жүктемесін айқындау; - Әлемдік әдеби-философиялық мәтіндермен идеялық ықпалдастықтың формаларын анықтап, олардың концептуалдық қызметін талдау; - Интермәтіннің семантика тудырушы, концептуалдық, көркемдікэстетикалық, аксиологиялық және рецептивтік қызметтерін нақты мәтіндік мысалдар негізінде ашып көрсету. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді.**
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;**	Диссертациялық жұмыс құрылымдық жағынан кіріспеден, екі бөлімнен, олардың ішкі тараушаларынан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу барысында

		2) ішінара байланысқан;	бөлімдер арасындағы мазмұндық және логикалық сабақтастық сақталып, олар өзара жүйелі түрде байланыстырылған. Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделіп, мақсаты мен міндеттері нақты айқындалған. Қойылған ғылыми міндеттер диссертация тарауларының мазмұнымен толық сәйкестік тауып, жұмыстың ішкі тұтастығын қамтамасыз еткен. Сонымен қатар зерттеудің әдіснамалық негіздері мен пайдаланылған дереккөздер жүйесі жұмыстың ғылыми аппаратының беріктігін көрсетіп, оның теориялық және практикалық маңызын айқындайды. Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелері жинақталып, олар мақсат пен міндеттермен логикалық сабақтастықта тұжырымдалған. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс барлық бөлімдерінің өзара байланысы арқылы зерттеу тақырыбын тұтас ғылыми жүйе ретінде ашуға бағытталған.
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Ізденуші Аида Аяпбергенқызының зерттеу жұмысында авторлық ұстаным мен ғылыми талдау жүйесі айқын көрініс тапқан. Диссертант зерттеу нысанына қатысты ғылыми мәселелерді кешенді қарастырып, оларды сыни тұрғыдан саралай білген. Зерттеу барысында ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар тиісті деректермен дәйектеліп, бұрыннан қалыптасқан ғылыми көзқарастармен салыстыра бағаланған. Бұл ізденушінің ғылыми мәселелерді талдаудағы дербестігі мен сыни ойлау қабілетін танытады. Жұмыста интермәтінділік, диалогизм және көркем мәтінді философиялық талдау (герменевтика) теорияларының әдіснамалық негіздерін қалыптастырған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері кеңінен пайдаланылып, олардың ғылыми тұжырымдары зерттеу мақсатына сәйкес орынды әрі жүйелі қолданылған. Теориялық қағидалар мен ғылыми көзқарастарды салыстырмалы талдау нәтижесінде диссертанттың зерттеу тақырыбын терең меңгергені, ғылыми пайымдау мәдениеті мен зерттеушілік құзыретінің жоғары деңгейде қалыптасқаны байқалады. Бұл өз кезегінде жұмыстың ғылыми құндылығы мен теориялық маңызын арттыра түседі.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қорытындылар жаңашылдығымен және теориялық маңыздылығымен ерекшеленеді. Диссертацияның маңызды ғылыми жетістіктерінің бірі – қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет Бақытжан Момышұлы шығармашылығының философиялық проза мен интермәтінділік концепцияларының озара байланысы аясында кешенді түрде қарастырылуы болып табылады. Зерттеу барысында жазушы прозасының жанрлық-стильдік табиғаты мен интермәтіндік ерекшеліктерінің теориялық негіздері айқындалып, М. Бахтиннің диалогизм теориясы мен қазіргі интермәтіндік тұжырымдамалар негізінде авторлық поэтиканың өзіндік сипаты ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Сонымен қатар қаламгердің «Жайшылықтағы үш күн», «Көпір», «Көк таутеке аяны», «Бөрі жүрегі», «Уақыт әміршілерінің әпсаналары» және «Күн перзенттерінің үні» шығармаларындағы мифологиялық, фольклорлық, діни және мәдени дискурстардың интермәтіндік байланыстары жүйелі талданып, олардың көркемдік-танымдық қызметі анықталған. Сондай-ақ автордың әлемдік әдеби-философиялық кеңістікпен диалогы сараланып, шығармалардағы идеялық ықпалдастықтың мазмұны мен интеллектуалдық деңгейі ашылған. Бақытжан Момышұлы прозасындағы интермәтіннің семантика қалыптастырушы, концептуалдық, көркемдік-эстетикалық, аксиологиялық және рецептивтік қызметтері нақтыланып, мәтінаралық байланыстардың жаңа мағыналық қабаттар түзудегі рөлі ғылыми тұрғыдан негізделген. Осы нәтижелер диссертацияның ғылыми жаңалығының жоғары деңгейін көрсетіп қана қоймай, оның қазақ әдебиетіндегі философиялық прозаны зерттеу мен интермәтін теориясын дамытудағы теориялық маңызын да айқындай түседі.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертация қорытындылары толығымен жаңа деп айтуға болады. Зерттеудің назар аударарлық нәтижелерінің бірі – Бақытжан Момышұлы прозасындағы нарративтік құрылым мен интермәтіндік жүйенің өзара сабақтастығының ғылыми тұрғыдан
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	дәйектелуі. Диссертант жазушы шығармаларындағы уақыт категориясының дәстүрлі сызықтық сипаттан гөрі психологиялық және концептуалдық деңгейде ұйымдастырылатынын, осының нәтижесінде өткен шақ, бүгінгі болмыс және болашаққа қатысты философиялық пайымдардың тұтас көркемдік жүйе құрайтынын дәлелдей алған. Мұндай нарративтік құрылым интермәтіндік қабаттардың белсенді қызмет етуіне негіз болып, шығарманың мағыналық өрісін кеңейтеді. Зерттеуде мәтіннің көпқабатты семантикалық кеңістікке айналу үдерісі ғылыми тұрғыдан сараланып, интермәтіндік элементтердің жаңа мән түзуші қызметі нанымды негізделген. Бұл диссертанттың көркем мәтіннің құрылымдық және концептуалдық ерекшеліктерін терең талдай алғанын көрсетеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу жұмысында Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интермәтін құбылысы кешенді түрде қарастырылып, оның көркемдік-философиялық табиғаты мен қызметтік ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан жан-жақты талданған. Диссертант алға қойған мақсат пен міндеттерді толық жүзеге асырып, жазушы шығармаларындағы интермәтіндік байланыстар жүйесін анықтап, олардың семантикалық, концептуалдық, көркемдік-эстетикалық және аксиологиялық қызметтерін дәйекті түрде негіздей алған. Жұмыстың бірінші тарауында қазақ әдебиетіндегі философиялық проза дәстүрінің қалыптасу және даму ерекшеліктері сараланып, оның көркемдік-танымдық сипаты терең ашылған. Автор философиялық ойдың көркем мәтінде дайын тұжырым ретінде емес, көркемдік құрылым арқылы жүзеге

			асатының ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, қазақ әдебиетіндегі философиялық проза дәстүрінің тарихи сабақтастығын жүйелі түрде көрсеткен. Екінші тарауда Бақытжан Момышұлы прозасындағы мифологиялық-фольклорлық, діни-мәдени және әлемдік әдеби-философиялық интермәтіндер кешенді талдау нысанына айналған. Әсіресе мифологиялық және фольклорлық интермәтіндерді саралау барысында архетиптік образдардың көркем мәтіндегі қызметі, олардың ұлттық дүниетаным мен тарихи жадты жаңғыртудағы рөлі нанымды дәлелденген. Диссертант интермәтіндік элементтердің мәтіннің мағыналық кеңістігін тереңдетіп, авторлық философиялық концепцияны ашудағы маңызын ғылыми негізде айқындай алған. Жалпы алғанда, зерттеу жұмысы теориялық тұжырымдарының дәйектілігімен, талдау тереңдігімен және алынған нәтижелердің ғылыми құндылығымен ерекшеленеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма?	Жұмыс ғылыми тұрғыдан дәйекті негізделген және алынған нәтижелердің сенімділігі жеткілікті дәрежеде дәлелденген. Зерттеудің құндылығы оның дәстүрлі сипаттамалармен шектелмей, философиялық прозаның көркемдік-танымдық табиғатын интермәтіндік поэтика тұрғысынан кешенді қарастыруында көрінеді. Диссертант философиялық прозаның адам болмысы, уақыт, таным және рухани-этикалық құндылықтар мәселелерін көркемдік құрылым арқылы бейнелеу ерекшеліктерін терең талдап, оның қазақ әдебиетіндегі даму заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан негіздей алған. Әсіресе Бақытжан Момышұлы шығармашылығын философиялық проза мен интермәтінділік теорияларының тоғысында қарастыру зерттеудің маңызды жетістіктерінің бірі болып табылады. Автор жазушы туындыларындағы экзистенциалдық мәселелердің, ұлттық дүниетанымның, тарихи жадтың және мәдени кодтардың көркемдік қызметін интермәтіндік байланыстар жүйесі арқылы ашып көрсеткен. Нәтижесінде Б. Момышұлы прозасының ұлттық руханият пен әлемдік интеллектуалдық ой сабақтастығын танытатын күрделі көркемдік-философиялық жүйе екендігі

		1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы философиялық прозаның поэтикалық ерекшеліктерін, интермәтіннің мағына қалыптастырудағы қызметін және ұлттық мәдени кодтардың көркем мәтіндегі көрінісін жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл диссертацияның ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызын айқындай түседі.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізі нақты айқындалып, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес түрде жүйеленген. Зерттеу барысында жинақтау, саралау, сипаттау, талдау, синтездеу және жалпылау сияқты жалпы ғылыми әдістер кешені кеңінен қолданылған. Сонымен қатар салыстырмалы талдау әдісі жүйелі түрде іске асырылып, зерттеу материалдарын жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік берген. Бұл қолданылған әдістердің өзара сабақтастығы жұмыстың ғылыми негізділігін арттыра түседі.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;** 2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау	Зерттеу жұмысының нәтижелерін шығаруда, компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістеріне сүйене отырып, деректерді цифрлық өңдеу және интерпретациялау тәсілдерімен алынған.

		әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу барысында ұсынылған теориялық қорытындылар мен фольклорлық жанрлар арасындағы өзара байланыстар нақты материалдар негізінде дәлелденіп, олардың халық дүниетанымындағы атқаратын қызметі арқылы негізделген. Жұмыстың негізгі тұжырымдары мен қорытындылары тиянақты. Ішкі логикалық тұттастығы сақталған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын жарыққа шыққан ғылыми сенімді еңбектерге, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарының жарияланымдары талданып, сілтеме берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті деңгейде қамтылған. Докторант Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы, Орталық ғылыми кітапхана, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры, сондай-ақ өзге де республикалық кітапханалардағы дереккөздермен жүйелі түрде жұмыс жүргізген. Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерге кең көлемде шолу жасап, барлығы 135 дереккөзді пайдаланған. Бұл жұмыстың деректік базасының ауқымдылығын және ғылыми негізділігін көрсетеді.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Философиялық проза жанрындағы интермәтін құбылысы тек поэтикалық тәсіл ретінде ғана емес, сонымен қатар семантика тудырушы, концептуалдық, аксиологиялық және рецептивтік қызмет атқаратын күрделі көркемдік тетік ретінде қарастырылды. Бұл тұрғыдан зерттеу интермәтін теориясының ұлттық әдеби материал негізінде дамытылуына елеулі үлес қосады.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Интермәтіндік компаративистика және мәтінтану», «Философиялық проза» пәндері бойынша дәріс және практикалық сабақтарда қосымша ғылыми-әдістемелік материал ретінде пайдалануға болады.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертация жұмысында ұсынылған ұсыныстар толығымен жаңа.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертация жоғары деңгейде орындалған, диссертацияға қойылған талаптарға сай жазылған. Диссертацияның жазылу стилі әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұны, ұсынылған тұжырымдар және олардың дәлелдемелерімен танысу нәтижесінде құрылымына әсер ететін елеулі ескерту анықталған жоқ. Ұсыныс ретінде, зерттеу негізінде пайдаланылған мәтіндер бойынша алдағы уақытта хрестоматиялық жинақ дайындау жұмыстың ғылыми және практикалық құндылығын арттыра түсер еді. Болашақта ізденушінің Бақытжан Момышұлы шығармашылығын түркі халықтары әдебиетіндегі философиялық проза дәстүрімен сабақтастықта қарастыруы зерттеу мәселесінің аясын кеңейтіп, жаңа ғылыми қорытындылар жасауға негіз бола

			алады. Диссертация мәтінінде кейбір стильдік және техникалық кемшіліктер кездескенімен, олар жұмыстың жалпы ғылыми деңгейі мен құндылығына әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Ізденушінің диссертация тақырыбы бойынша 6 жарияланымы бар. Оның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасында, 2 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 3 мақала халықаралық конференция жинақтарында жарық көрген. Әр жарияланымның ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02304-Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша Мұхаметқали Аида Аяпбергенқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интертекст функциялары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» Кәсіби бағдар беру және мансапты дамыту департаментінің директоры,.
қауымдастырылған профессор м.а., PhD **А. Найманбаев**

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ_____